

Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 176 "2024-2026 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 наурыздағы № 215 шешімі

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 176 "2024-2026 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 9-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

1–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 54616,4 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер- 4845,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 500,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 49271,4 мың теңге;

2) шығындар – 55039,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы(профициті) – - 422,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 422,7 мың теңге,

оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу- 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 422,7 теңге.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2024 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 49208,4 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферт сомасын бөлу Қауылжыр ауылдық округ әкімі шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1–қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық мәслихатының төрағасы С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 215 шешіміне қосымша
Шалқар аудандық мәслихатының
2023 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 176 шешіміне 1 қосымша

2024 жылға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			I.Кірістер	54616,4
1			Салықтық түсімдер	4845,0
	01		Табыс салығы	785,0
		2	Жеке табыс салығы	785,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	3579,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	116,0
		3	Жер салығы	63,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3400,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	481,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	481,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	500,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	500,0
		1	Жерді сату	500,0
4			Трансферттердің түсімдері	49271,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	49271,4
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	49271,4
			II. Шығындар	55039,1

01					Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	52151,4
	1				Мемлекеттік басқарудың жалпы функциялары н орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	52151,4
		124			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	52151,4
			001		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	52151,4
05					Денсаулық сақтау	20,0
	9				Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	20,0
		124			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20,0
			002		Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын	20,0

					денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	
07					Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2866,0
	3				Елді-мекендерді көркейту	2866,0
		124			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2866,0
			008		Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1374,0
			009		Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	521,0
			011		Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	971,0
15					Трансферттер	1,7
	1				Трансферттер	1,7
		124			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1,7
			048		Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттер қайтару	1,7
					Жергілікті бюджет	

				015	қаражаты есебінен	1,7
					III. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 422,7
					IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	422,7
8					Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	422,7
	01				Бюджет қаражаты қалдықтары	422,7
		1			Бюджет қаражатының бос қалдықтары	422,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК